

**«Зайнеттинова Динара Болатовнаның
6D120100 - «Ветеринариялық медицина» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынған
«Желінсаумен ауырған сиырларды емдеуге иммуномодульдеуші және
микробқа қарсы препаратты қолданудың тиімділігі» тақырыбында
орындалған диссертациялық жұмысына отандық**

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІСІНІҢ ПІКІРІ

Ғылыми зерттеу жұмыстың өзектілігін заманауи ғылыми тәжірибе үшін маңыздылығын негіздеу

Мал шаруашылық өнімдерінің сапасын, жалпы көлемін ұлғайтуда ветеринария ғылымының және тәжірибенің маңызы өте зор. Бұл шаруашылықты әртүрлі, инфекциялық және инвазиялық аурулардан сақтандырады. Көптеген аурулармен күресу ойдағыдай жүріп жатқанымен, кейбір жеке аурулар кездесіп жатады. Бұл аурулар шаруашылыққа өте зор зиян келтіреді. Мұндай аурулар қатарына малдардың желін ауруларын жатқызуға болады. Желін ауруларының түрлері өте көп, олар еліміздің әр аумағында тараған. Жұқпалы емес ауруардың 12-16 % тек қана желін ауруларының бір түрі желінің қабынуы-желінсау ауруы құрайды.

Желін ауруларының әсерінен сиырлардың сүттілігі күрт төмендеп, шаруашылықтар көп мөлшерде сүт жоғалтады.

Сүт - өте бағалы өнім. Олай дейтініміз, адам ағзасына сүттің құрамдас бөлігінің 95-98 % сіңеді. Сүт сондай –ақ амин қышқылдарының, макро және микроэлементтердің, дәрумендердің таптырмайтын көзі болып табылады. Себебі, сүт ағзаға түсетін қоректік заттардың жалпы көлемін ғана арттырып қоймай, май, ақуыз, көмірсу, минералды тұздармен, сондай – ақ дәрумендермен біріге отырып, ағзаға сіңу үшін өте қолайлы жағдай туғызады.

Сүт бағытындағы шаруашылықтың дамуы ветеринария ғылымының алдына өндірілетін өнімнің физика-химиялық және ветеринариялық-санитариялық көрсеткіштерінің, сонымен қатар олардың биологиялық және технологиялық сапасын жоғарлатуды міндеттейді.

Желін аурулары кезінде желіннің құрылымы, морфологиялық және функционалдық қызметі үлкен өзгеріске ұшырауы мүмкін, ал мұндай ауру малды шаруашылықта ұстау тиімсіз болып табылады. Барлық етке тапсырылатын сиыр малдарының 30%-ын сүт бездері ауырған малдар құрайды. Желін ауруы әсерінен етке өткізілген сиырлардың 50%-ы жас малдар. Еріксіз уақытынан ерте етке тапсырудан мал саны кеміп табыннан сүт алу көрсеткіші кемиді, бұл сүттің бағасының өсуіне апарып соғады.

Көптеген желін ауруына шалдыққан сиырдың сүті тұтынуға келмейді, мұндай сүттің құрамында көптеген патогенді микробтар және түрлі зиянды қоспалар болады. Осындай сүтті бұзауға беруден төлдердің арасында асқазан-

ішек аурулары тарап, бұзаудың өсуі тежеліп, жиі өлім-жітімге ұшырайды. Мұндай сүтті қолдану адам үшін өте қауіпті.

Желін ауруларының ішінен ең көп тарағаны малдардың желінсау ауруы. Жаңа емдік және диагностикалық препараттарды қолдану, машинамен сауудың техникасының жаңаруының өзі қазіргі уақытта желінсаумен күресуде көзделген мақсатқа жеткізбей отыр, сондықтан желінсаумен күресу ол шаруашылықтың дамуы үшін маңызды шараларының бірі.

Мал басын қарқынды көбейтуде, сиырлардың сүт безінің ауруларын алдын алу мен жою шараларын әр шаруашылықтың ерекшеліктеріне байланысты, аурудың нақты себебін анықтап, ғылым мен тәжірибенің жетістіктерін оңтайлы қолдану арқылы іске асыру қажет. Әдебиеттердегі деректерге қарап және өз зертеулерімізді қорытындылағанда білгеніміз, желінсау ауруы көп мөлшерде сүт беретін сиырларда жиі кездеседі. Бұл шаруашылыққа үлкен экономикалық зиян келтіреді.

Қазіргі кезде сүт шаруашылығы қарқынды дамып келе жатыр. Осымен қатар сүт безінің патологиясы да кеңінен таралуда. Қазіргі кезде байлаусыз ұстайтын кешендерде желіннің жасырын патологиясы жиі (3-4 жасар малдар арасында) кездесетіндігі белгілі болды. Бұл жаңа технологияның экономикалық тиімділігін күрт төмендетеді. Тікелей желінге енгізілетін антибиотиктер негізінде жасалған препараттарды қолдана отырып бұл мәселені шешуге болады.

Докторант сүйенетін негізгі ғылыми және әдістемелік ережелерді ашу

Диссертацияда отандық басқа да нормативтік құқықтық сілтемелерге сүйене отырып клиникалық, зертханалық зерттеулер негізінде диссертацияның тұжырымдалған, тұжырымдары маститтің әртүрлі формаларын емдеуде бағытталған, «Дороб», «Дороб-К», «НитРыб» препараттар жаңа екені, істелген тәжірибесінен көрініп тұр, себебі жазылған мақалалары мен патенттерімен негізделген. Өндіріс жағдайында «Дороб», «Дороб-К», «Нитрыб» препараттары жеңіл және оңай дайындалады. Бұл препараттар қабынуға, микробқа қарсы, тез жазылуға әсер ететін қасиеті бар болып табылады. Препараттардың құрамындағы заттар аз мөлшерде қолданылып, аз уақыт аралығында әзірленіп, желіннің қабынуын емдеп, өнімділігінің қалыпқа келуіне мүмкіндік береді. Клиникалық және лабораториялық әдістемені таңдауы негізделген және диссертацияның тиісті бөлімдерінде жеткілікті сипатталған.

Зерттеу нәтижелерінде алынған негізгі тұжырымдар теориялық тұрғыдан тәжірибеге қолдануға болатыны өндіріске, шаруақожалықтарына енгізу актілері арқылы дәлелденген ШҚО Глубокий ауданы Бобровка ауылы ЖШС «Бобровка+», Алматы облысы Іле ауданы, Қараой ауылы ЖШС «Ақ сүт», Абай облысының ветеринария басқармасының «Кокпекті Вет» ШЖҚ КМК, Абай облысы Бесқарағай ауданы Бірлік ауылдық округі «Балке» ШҚ, Абай облысы Бесқарағай ауданы Стеглянка ауылдық округі «Каликанулы» ШҚ, Семей қаласы Знаменка ауылы ШҚ «Меди-Р».

Докторант алған ғылыми нәтижелер және олардың негізділігі

Ғылыми зерттеу жұмысының негізі 2017 жылдың қыркүйегінен 2020 жылдың маусым айы аралығында жасалған. Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінің «Ветеринария және ауыл шаруашылығы» зерттеу мектебінің «Ветеринария» кафедрасында, ветеринариялық акушерлігі және гинекологиясы пәнінің зертханасы мен ғылыми орталық «Агротехнопаркте» және Қазақстанның шығысындағы Знаменка ауылындағы «Мади-Р» шаруашылығы, Бесқарағай ауданы, Бірлік ауылдық округінің «Балке» шаруа қожалығында және Стеклянка ауылында орналасқан «Каликанулы» шаруашылығы шаруашылықтарында жүргізілді.

Зерттеу нәтижелері патенттік мәліметтерімен және ғылыми мақаларымен негізделген. Зерттеу нәтижесінде алынған негізгі тұжырымдар теориялық тұрғыдан негізделіп және тәжірибелік қолданысқа ие. Бұған, өндіріске енгізілген нұсқаулықтармен шаруа қожалықтарына өндіріске енгізу актілерінің болуы дәлел бола алады.

Зерттеу нәтижесі Қазақстанның шығысындағы Знаменка ауылындағы «Мади-Р» шаруашылығы, Бесқарағай ауданы, Бірлік ауылдық округінің «Балке» шаруа қожалығында және Стеклянка ауылында орналасқан «Каликанулы» шаруашылықтарында жасырын және клиникалық желінсаудың таралуы жөнінде мониторинг жасалып, желінсаудың пайда болатын себептері анықталып, желінсаудың түрлерін ескере отырып антимикробты және иммуномодульдеуші препараттарды қолдана отырып емдеу схемасы әзірленген. Олар патенттермен, оларды өндіріске енгізуімен негізделген. Өндіріс жағдайында «Дороб», «Дороб-К», «Нитрыб» препараттары жеңіл және оңай дайындалады. Бұл препараттардың қабынуға, микробқа қарсы, ұлпалардың қалпына келіп, тез жазылуына әсер ететін қасиеттері бар. Препараттардың құрамындағы заттар аз мөлшерде қолданылып, аз уақыт аралығында әзірленіп, желіннің қабынуын емдеп, өнімділігінің қалыпқа келуіне мүмкіндік берген.

Ғылыми- зерттеу жұмыстары аясында Қолданбалы ғылыми зерттеулер АӨК 2018-2020 жж. (О. 0879) ғылыми-техникалық бағдарлама бойынша: «Мал шаруашылығын асылдандырудың тиімділігін арттыру әдістері», жоба бойынша: «Сүтті мал шаруашылығы саласында селекцияның тиімді әдістерін әзірлеу» іс-шара бойынша: «Оңтүстік өңірде сүт бағытындағы сирлардың көбею қабілетін арттыру» жүргізілді.

Диссертацияның құрылымдық және мазмұндық тұтастығы

Диссертациялық жұмыста зерттеудің мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді және жасалған зерттеулердің мақсаты Шығыс Қазақстан облысы (қазіргі Абай облысы) шаруашылықтарындағы сиыр желінсаудың балау және емдеуге тиімді иммуномодульдеуші және микробқа қарсы препараттардың тиімділігін анықтау жұмыс міндеттерін толық айқындайды.

Жұмыстың тақырыбына сай шетелдік және отандық ғылыми әдебиеттерді пайдаланған.

Диссертацияның тұжырымдары зерттеуден барлық қойылған міндеттері бойынша нәжилерді көрсетеді, алынған нәтижелер диссертациялық зерттеудің тәжірибелік және ғылыми көзғарастарды шешуге бағытталған.

Зерттеу жұмыстарының әр бөлімі, құрылымы және мазмұны желінсауды клиникалық, лабораториялық зерттеу арқылы балау, емдік жолдарын қарастырып емдеу шаралары аясында ішкі мазмұны мен тұжырымдары бірегей болуын сипаттайды.

Докторанттың зерттеуге қосқан жеке үлесі, зерттеу көлемі

Автордың жеке үлесі патенттік іздеуді жүргізу, теориялық негіздеу, әдебиетке шолу жасау және тәжірибелік бөлігін тікелей орындау нәтижелері шетелдік ғылыми еңбектермен салыстыра талдау мен бағалауды меңгеру екендігі толық қарастырылған.

Докторанттың зерттеуші ретіндегі сапасы, ғылыми зерттеу әдістерінен алған тәжірибесі

Зайнеттинова Д.Б. докторантураны оқу барысында және ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу кезінде зерттеудің міндеттерін уақытылы орындап, қойылған міндеттерді шешуде заманауи әдістерді меңгеріп, тәжірибеде қолдана білді. Алынған нәтижелерге талдау жасап, зерттеу нәтижелерін нақтылайтындығын көрсетті. Сонымен қатар, докторант Зайнеттинова Д.Б. С.З. Гжицкий атындағы ветеринариялық медицина және биотехнологияның Львов Ұлттық университеті, Украина мемлекетінде ғылыми тағылымдамадан өтіп, зерттеу жұмыстарын жүргізген.

Қорытынды. Зайнеттинова Динара Болатовнаның диссертациялық жұмысы әдістемелік тұрғыдан жоғары деңгейде орындалған. Диссертация жұмысында қойылған мақсат пен міндеттер зерттеу барысында орындалып, алынған ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелері ғылыми жаңалығымен ерекшеленеді.

Ғылыми зерттеу жұмысы мазмұнының диссертациялық негіздегі құрылымы жалпы талаптарға сәйкес: әдебиеттер дәйектемелеріне шолу, негізгі ізденістік бөлім және зерттеу жұмысы тарауларымен қамтылып, зерттеу жұмысының мақсаттық мүдделеріне лайықты міндеттерді толықтай шешу мақсатында құрастырылып сипатталған.

Сонымен қатар ғылыми зерттеу жұмысы мазмұнының мәлімделуіндегі мағыналық сипаты ветеринариялық практикадағы әдеби стильге лайықты, түсінікті түрде дәйекті дәріптелген.

Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады себебі кешенді клиникалық, зертханалық зерттеулер негізінде диссертацияның тұжырымдары желінсаудың әртүрлі формаларын емдеуде қолданылған препараттар жаңа және әсері жоғары болған.

Желінсауды емдеуге қолданылып отырған антимиқробты және иммуномодулдеуші препараттарды қолданудағы ізденістік жұмыстар клиникалық фармакологиялық ұтымдылық тұрғысынан лайықты бағаланып, нәтижелері берілген.

Диссертациялық жұмыстың материалдары халықаралық конференцияларда баяндалған, Scopus компанияларының мәліметтер базасына кіретін журналда жарияланған квартилі Q2 процентиі-63% және Q3 процентиі-40% жарияланған 2 мақаласы бар.

Докторант Зайнеттинова Динара Болатовна өзінің ғылыми жетістіктерімен және зерттеу жұмысын меңгеру деңгейімен 6D120100 - Ветеринариялық медицина мамандығы бойынша философиялық докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ,
«Ветеринария» кафедрасының
қауымдастырылған профессоры
(доцент)



Мухамадиева Н.Н.

_____ қолын растаймын	
Персоналды бағару және ҚАБ басшысы	
* 16 *	08
20 24 ж.	